

ЖМ “Досқолыни”

№25 “Салтанат”

Балабақшасы

Жоба

Қазақ тілін үйрету әдістемесінің ұтымды жолдары

Орындаған:
қазақ тілі маманы
Құдайбергенова
Айгүл

Мектепке дейінгі кезең-баланың іс-әрекетінің қалыптасуымен дамуы қуаттылықпен жүретін ерекше құнды, қайталанбайтын мезгіл. Бұл мезгіл ішінде балаларға берілетін білім мен тәрбие мазмұны әлеуметтік сұранысқа сай жүзеге асырылуы тиіс. Осыған орай сәби эмоционалдық іскерлік коммуникативтік және интеллектуалдық жағынан дамуы айналадағы дүниемен, табиғатпен, өз-өзімен, басқа адамдармен т.б. Өзара белсенді әрекеттік қарым-қатынаста болу арқылы қалыптасады.

Балабақшалардағы қазақ тілі сабақтары бастапқыда сөздік жұмыстарынан басталып, дыбыстарды дұрыс айтуға бағытталғанмен түпкілікті мақсатпен өзара қазақ тілінде сөйлеуге үйрету.

Қазақ тілін үйренейік!

Жоспар бойынша тәжірбиеде бұл міндетті мына төмендегідей әдістерді қолданған ұтымды екені байқалды.

Алдымен белгілі бір тақырыпта әңгімеге тартатын сұрақ-жауаптар арқылы сөйлесу үлгілеріне, әдісіне тоқталайық.

Балалардың меңгерген сөздерінен өз бетінше сөйлем құрауға бағыттайтын диалогтың құрылысын көрсететін белгілі сөйлеу үлгісінің көлемі, мазмұны сәбилердің қазақ тілі сабақтарынан алған білім-дағдыларына және жас ерекшеліктеріне ұлттық құрамына лайықты болуы керек. Оқытушы баланың тәрбиешімен немесе өзара әңгімелесу тақырыптарын болжап алып, сол тақырыпқа қатысты әр түрлі сөйлесу үлгілерін ұсына алады. Бірақ, ескеретін нәрсе балалардың мұндай сөйлеу үлгіні жаттап алуы олардың өмірде сол үлгілерге сәйкес әңгімелесе білу қабілеттерін дамытып кете алмайды. Мысалы: Атың кім? Жасың нешеде? деген сұрақтарға жауап бередіде, “Ағаңның аты кім?”, “Тәтеңнің жасы нешеде?” деген сұрақтарға келгенде тосылып қалады. Сондықтан психологтардың пікірлері бойынша балаларға берілетін диалог үлгілері, бірнеше рет ауызша қайталау әдісі арқылы құрғақ жаттағаннан гөрі арнайы ойындар кезінде балалардың өзара немесе тәрбиешісімен, тіпті, өз бетімен сөйлесуін қамтамасыз ететін жағдайлар туғызып отырған жөн.



ТІЛ АШАР

ҚАЗАК
ТІЛІ
БІЛГІ

Мәдениет

Мәдениет

Мәдениет

Мәдениет

Мәдениет

Екіншіден түрлі тақырыптағы сөйлесу үлгілерін біріңғай үлгіде яғни бірізділікпен енгізу әдісін ұсынуға болады.

Бұл әдістің ерекшелігі оқытушының тақырыпаралық байланыс қағидаларына өте мұқият болуын талап етеді. ”атың кім?”, ”Жасың нешеде?” деген сұрақтар балалармен алғаш танысу кезінде ғана айтылып қалмай, ”Ойыншықтар”, ”Жан-жануарлар”, ”Мерекелер” туралы тақырыптарда әртүрлі рольдегі кейіпкерлерге қатысты қойылып отырылуы тиіс.

Сол сияқты ”қандай?”, ”неше?” деген сұрақтар “Балабақша қандай?, үстел қандай?”, “Қаздың түсі қандай?”, “Қарғаның түсі қандай?”, “Әсияның палььтосының түсі қандай?”, “Алманың көйлегі қандай?”, “Сәбіз қандай, пияз қандай?”, “Сенде неше шар бар?”, “Мына ойыншықтар нешеу?”, “Отбасында біз нешеуміз?”, “Қолым нешеу? Саусақтарым нешеу?”, “Тәрелкеде неше алма ,неше алмұрт бар? “Мына суретте сәбіз нешеу,алма нешеу?” т.б. деген сияқты сөйлеу үлгілері өз орнына бірітіндеп енгізіліп, оған қатысты жауаптарды балалардың өз бетінше айтуы қамтамасыз етіледі.




Ендігі бір әдіс-типтік құрылғылар(конструкциялар) негізінде балалардың жәй және жайылма сөйлемдер құрастыруы.

Балаларды қазақ тілінде қарапайым,құрылысы жеңіл сөйлемдер құра білуге үйрету олардың байланыстырып сөйлеуінің бастамасы болып саналады.Басқа ұлт балаларының өз бетімен кез келген ойды жеткізуге қабілеті жетпейтіндіктен,олардың ауызекі сөйлеу тілін қалыптастыруда тіптік құрылғылар негізінде дамудың мәні зор.Бұл, біріншіден,балаларға қазақ тілінің грамматикалық құрылымы жайлы мағлұмат береді,екіншіден,балаларға өз бетінше көптеген етістік, есімдік,сын,сан есім тұлғаларының әр түрлі формада қолдалнылуына бағыт береді. Мысалы:тәрбиеші:

“Ата малдас отыр”

“Әже отыр”



деп жай
және
жайылма
сөйлем
құрайды.



Төртінші әдіс балалардың жекелей сұрақ беруін және ұжымдық түрде диалогқа түсе білуін тәрбиелеу әдісін қолданып, коммуникативті қатынас тудыру үшін диалог құру мақсатын тәрбиеші-педагог алдын-ала ойластырады. Ол үшін диалогтың өтетін орны, қатысатын кейіпкерлерлері, сөз болатын мәселелері, сөйлеу үлгілері дайындылады.

Ескеретін жағдай: диалогқа қажет ауызекі сөйлеу үлгісі өмірдегі шынайы қалыпқа сай нанымды болуы керек. мысалы:



- Сізде алма бар ма? -
Бар.Қанша керек?
-Бір киллограмм .
алмаңыз тәтті ме?
-Тәтті .Алыңыз.

Мұндай сөйлеу үлгілері құрылысын балалардың меңгерген білім деңгейлеріне қарай күрделендіре түсуге де болады. Бұл орайда жауап қайтарар кезінде қиналған балаларға кейбір үлгілерді еске түсіретін сұрақтар қою, демек, сыбырлап айтып жіберу тәсілдері қолданылады.

**Қазақ тілінде
сөйлеушінің сөзін
құптау бағытында:**

**Сөйлеушінің
сөзіне қарсылық
білдіру бағытында:**

-Бүгін күн
жылы ма?
-Иә, жылы.

-Қолың
таза ма?
-Жоқ,
таза
емес.





Жеке сөздер,
қысқа сөйлемдер
Түріндеөзіне
қарата айтылған
сөзді түіне білуі.

Бағдарлама
көлеміндегі
сәлемдесу, қоштасу
сөздерін қолдану.

Жеңіл сөйлемдер
көлемінде қойылған
сөйлемді
түсініп, қысқа
жауап беру.

Жыл мезгілдеріне
қарай жолдасының
ойыншығының
әрекетін әңгімелеу.

Өздері қазақша
атын білетін
заттардың
түр-түсін,
санын айта білу.

Өзі туралы
қысқаша
әңгімелей білу.

Үй-іші туралы
әңгімелей
білу.

Балабақша өмірі
Жайлы
Әңгімелесу.

Меңгерген сөздерін
қолдана отырып,
бұйымдардың
суретіне
әңгіме құрастыру.

Балалар
ауызекі
сөйлеу тілінің
міндеттері

Еліміздің болашағының қамының ойлап, өз жерін, халқын сүйетін, тілін, тарихын, мәдениетін, өнерін, әдет-ғұрыпын білетін салауауатты да саналы ұрпақ тәрбиелеу, ұлттық сананы дамыту үшін білім-тәрбиені ана тілінде жүргізу бүгінгі таңдағы баситы міндет.

Уақыт талабына сай білім-тәрбие жұмысын жаңа деңгейге көтеру жолдарына айқында сара бағыт ұсынатын –**халық педагогикасы**.

Балаларды халықтың салт-дәстүрімен таныстырып адамгешілікке, әдептілікке тәрбиелеуде халық ауыз әдебиетін пайдалану -ұтымды да тиімді әдістің бірі.

Халық педагогикасы-тәлім-тәрбиенің қайнар көзі. Мектеп-бақшадағы білім-тәрбиеге халық педагогикасы үлгілерін пайдалану, еліміздің болашағының білімді, өнерлі, қоғамға пайдалы болып өсуі үшін өте маңызы зор.

Халық педагогикасының бөлімдері

ертегі	би, шешен батыр	4 тұлқ мат	қимылдық ойын	жұмбақ ойын	хадис	ұлдар	қыздар	мақал-мәтел	жұмбақ	жаңылтпаш	ән-жыр	сахналық көрініс	әжелер тәрбиесі	аталар тәрбиесі	өке-шешелер тәрбиесі
--------	-----------------	------------	---------------	-------------	-------	-------	--------	-------------	--------	-----------	--------	------------------	-----------------	-----------------	----------------------

сабақ	ойын	иман күні	сәбәк	жеке жұмыс	мерекес	отбасы тәрбиесі
-------	------	-----------	-------	------------	---------	-----------------

Педагогикалық процесс

Болашақ ұрпақ
тәрбиелі болу үшін
ата-ана немесе үлкен
кісілердің бойында үлгі
боларлық қасиеттер
болуы тиіс. Сонда ғана
біздің болашағымыз
жарқын болатыны
анық.



Жоспар жылдық үлгерім

МОНИТОРИНГІ

№	Топтар	2007-2008	2008-2009	2009-2010
1	Ересек	76%	78%	78,5%
2	Естияр	72%	73%	74,5%
3	II кіші топ	70%	71%	73%

Методикалық ұсыныстар

1. Қазақ тілін тереңдетіп оқытуға арналған методикалық әдебиеттерді және көрнеліктерді толықтыру.
2. Қазақ тілін оқытуда балаларға дидактикалық ойындарды күшейту, толықтыру.
3. Балаларды халықтың салт-дәстүрімен таныстыруды жалғастыру.
4. Әрбір өскелең топтардағы балалардың ата-анасын балаларының жетістігімен таныстырып отыру.
5. Қазақтілі кабинетін методикалық кітаптармен, үлестірмелі және көзрнекілік материалдарымен ары қарай толықтыра түсу.

Қорыта келгенде

ұлттық тәрбиені жүзеге асыру мақсатымен, біздің “Дошкольник” жекеменшік мекемесінің балабақшаларында қазақ тілінде оқыту жылдық жоспары осы талаптарға сай құрастырылады.

Тәуелсіз еліміздің еңсесін өркениетке жетелейтін ұрпақтың тәрбиесі бүгінгі күннің ең өзекті мәселелерінің біріне айналып отыр. Бұрынырақ “Ұрпақ тәрбиесі тал бесіктен басталады”-деуші едік. Заман ілгері жылжыған, ғылым дамыған сайын бала тәрбиесі құрсақта жатқаннан басталатындығы анықталып отыр.

Ендеше үзіліссіз тәлім-тәрбие үрдісінің жалғасуы – біздің, №25 “Салтанат” балабашасының екі жыл қатарынан қалалық “Тілашар” байқауынан бас жүлдеге ие болуы нақты дәлелдейді.

Қзақстанда тұратын әрбір баланы қазақ тілінде сөйлеуге, тілді құрметтеуге, Отанға деген сүйіспеншілікке, достыққа, адамгершілікке тәрбиелеу біздің міндетіміз.

Күтілетін нәтиже

- Орыс тілді балалардың қазақ тіліндегі сөздік қорын дамыту, қазақ тілінде сөйлесе білуге үйрету;
- Сөздің дыбыстық құрамын дұрыс айтуға дағдландыру;
- Сабақта үйренген сөздерді пайдаланып, сөйлемді дұрыс құрастыруға жаттықтыру, сурет мазмұнын түсініп айтуға үйрету;
- Жай, жайылма сөйлемді құрастыруға жаттықтыру;
- Қазақ ертегілерін, әңгімелерін тыңдап, түсінуге, мұғалімнің сұрағына сүйеніп әңгіме айтуға үйрету;
- Қазақ тілінде сөйлеуге, тілді құрметтеуге, Отанға деген сүйіспеншілікке, достыққа, жолдастыққа тәрбиелеу.

Назарлар ышызга рахмет!